

Ауылдық жерлерде суарылмайтын және суармалы жерлерде жеке қосалқы шаруашылығын (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда), сондай-ақ бағбандық және жеке тұрғын үй мен саяжай құрылысын жүргізу үшін азаматтардың жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері туралы

Павлодар облысы Мәслихатының 2004 жылғы 10 ақпандағы N 5/3 шешімі. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 28 ақпанда N 2319 тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 50 бабына сәйкес, облыстық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Қосымшаға сәйкес ауылдық жерлерде суарылмайтын және суармалы жерлерде жеке қосалқы шаруашылығын (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда), сондай-ақ бағбандық және жеке тұрғын үй мен саяжай құрылысын жүргізу үшін азаматтардың жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері **белгіленсін.**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Сессия төрағасы В.Руди

Облыстық мәслихаттың

хатшысы Р.Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының
2004 жылғы 10 ақпандағы "Ауылдық
жерлерде суарылмайтын және суармалы
жерлерде жеке қосалқы шаруашылығын
(үй маңындағы және егістік телімдерді
қоса алғанда), сондай-ақ бағбандық
және жеке тұрғын үй мен саяжай
құрылысын жүргізу үшін азаматтардың
жеке меншігінде болуы мүмкін жер
учаскелерінің шекті (ең жоғары)
мөлшерлері туралы" N 5/6 шешіміне

ҚОСЫМША

Ауылдық жерлерде суарылмайтын және суармалы жерлерде жеке қосалқы шаруашылығын (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда), сондай-ақ

бағбандық және жеке тұрғын үй мен саяжай құрылысын жүргізу үшін азаматтардың жеке меншігінде болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлері туралы

га

Учаскелерді пайдалану мақсаты	Қалаларда	А у д а н орталықтары мен кенттерде	Ауылдық округтердің орталықтарында	Басқа ауылдарда
1	2	3	4	5
Суарылмайтын жерлерде (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жеке қосалқы шаруашылығын жүргізуге арналған учаскелер	0, 30	0, 40	0, 60	1, 0
Суармалы жерлерде (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) жеке қосалқы шаруашылығын жүргізуге арналған учаскелер	0, 15	0, 20	0, 25	0, 50
Бағбандық үшін учаскелер	0, 20	0, 20	-	-
Жеке тұрғын үй мен саяжай құрылысын жүргізуге арналған учаскелер	0, 20	0, 2 0	0, 20	0, 20

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК